

**КЕЛІСІЛДІ**

Астана қаласы әкімдігінің  
«Қоғамдық тамақтану және сервис  
колледжі» ШЖҚ МКК директоры

**З. Клышбаева**

« 16 » 09 2025 ж.



**«БЕКІТЕМІН»**

Астана қаласы әкімдігінің  
«Әдістемелік орталығы»  
МКҚК басшысы

**С. Дауешова**

« 16 » 09 2025 ж.



**Астана қаласы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім  
беру ұйымдарының студенттері арасында «Мен – кәсіпкермін»  
аймақтық онлайн Гранд турнирінің  
ЕРЕЖЕСІ**

**Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Астана қаласы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері арасында «Мен – кәсіпкермін» онлайн аймақтық Гранд турнирінің (бұдан әрі – Гранд турнир) мақсаттарын, міндеттерін, қатысушылар және өткізу тәртібін айқындайды.

2. Гранд турнирдің мақсаты – жас ұрпақтың кәсіпкерлік бастамасын қолдау және дамыту, студенттік бизнесті бастау орталықтарының жұмысын ұйымдастырудың озық тәжірибесін анықтау және насихаттау.

Үздік студенттік бизнес стартап орталығы студенттерінің Гранд турнирге белсенді қатысуы арқылы анықталады (колледж қатысқан бағыт саны, жеңіп алған жүлделі орындар саны және бизнес-жобаның іс жүзінде жүзеге асырылуы ескеріледі).

3. Гранд турнирдің міндеттері:

- колледж студенттерінің үздік startup, бизнес-идеяларын, жобаларын іске асыру мақсатында, олардың базасын құру;
- студенттік бизнес стартаптардың орталықтарының үздік аймақтық тәжірибелерін насихаттау;
- студенттер арасындағы коммуникациялық байланысты дамыту.

4. Гранд турнир пайда немесе басқа табыс алу мақсатын көздемейді, қауіп элементі жоқ, тек ақпараттық сипатта және осы Гранд турнир Ережесіне сәйкес өткізіледі. Гранд турнирге қатысу үшін төлем алынбайды.

5. Гранд турнирдің ұйымдастырушылары: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтану және сервис колледжі» ШЖҚ МКК.

6. Гранд турнирді өткізу мерзімі:

Астана қаласының колледждері арасында аймақтық онлайн Гранд турнир 2025 жылдың 01-21 қазан аралығында өтеді:

- өтінімдер мен жұмыстарды қабылдау: 01-08 қазан күндері;
- іріктеу туры: 09-15 қазан күндері;

- іріктеу турының қорытындысы: 16 қазан 2025 ж.;
- көпшілік алдында қорғау (онлайн): 17 қазан 2025 ж.;
- аймақтық Гранд турнир нәтижелерін қорытындылау 2025 жылдың 21 қазан күні.

7. Гранд-турнирға қатысу үшін өтінім мен жобаны ktsk.astana@gmail.com электрондық поштасына жіберу қажет.

8. Гранд турнирге қатысу үшін колледж таңдаған бағыттары бойынша тек бір жобадан ұсынады.

### **Гранд турнирді өткізу тәртібі**

9. Гранд турнир он бағыт бойынша өткізіледі:

1. әлеуметтік кәсіпкерлік;
2. сауда;
3. қызмет көрсету;
4. өндіріс;
5. шоу бизнес, мәдениет, креативті индустриялар;
6. технологиялық кәсіпкерлік және интеллектуалды технологиялар (инновациялық жоғары технологиялық идея);
7. білім, байланыс, ақпарат және ақпараттық технологиялар;
8. медицина және денсаулық сақтау технологиялары;
9. туризм;
10. экология және ресурстарды үнемдейтін технологиялар.

10. Гранд турнирге колледждер он бағыттың кез келгені бойынша келесі схемаға қатыса алады: бір бағыт – бір бизнес жоба

11. Қатысу шарттары:

11.1 Қатысушылар: колледж студенттері, 3 адамнан аспайтын колледж студенттерінің командалары.

11.2 Студенттің немесе команданың жетекшісі оқу орнының бір өкілі (оқытушы немесе топ жетекшісі) болуы тиіс.

12. Гранд турнирге қатысу үшін қатысушы немесе команда өтінім (1 қосымша) және бизнес-жобаны әзірлеуі керек, бизнес-жоспарын Canvas бизнес моделі (1 бет, 1 Слайд) (2 қосымша) түрінде, Canvas Стратегиялық жоспарлау құралын пайдаланып, бейнені қорғауды жасап және осы бейнені «YouTube» арнасына орналастырады (көруге мүмкіндік беретін жасырын немесе жеке режимде жүктеуге болады). Бейнені қорғау ұзақтығы үш минуттан аспауы керек.

13. Колледждердің үздік жұмыстары көпшілік алдында онлайн қорғауға таңдалады.

Гранд турнирдің іріктеу кезеңінің қорытындысы туралы толық ақпарат «Әдістемелік орталық» МҚКҚ сайтында және Қоғамдық тамақтану және сервис колледжінің Instagram желісіндегі (kopis.astana) парақшасында жариаланады.



14. Жобаны көпшілік алдында онлайн түрде қорғауға 10 минутқа дейін уақыт беріледі (5 минут бизнес-модельді ұсынуға және 5 минут қазылар алқасының сұрақтарына жауап беруге).

15. Гранд турнирді өткізуге жалпы басшылықты ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады. Ұйымдастыру комитетінің функцияларына: Гранд турнирді дайындау және өткізу, сараптама комиссиясының құрамын құру, қорытынды есебі мен хаттамасын жасау кіреді.

Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

- Исина Нағима Саткенқызы, Әдістемелік орталықтың ТжКББ бөлімінің әдіскері, байланыс тел.: 87016447318;
- Есенбекова Алтынай Есенбековна, Әдістемелік орталықтың ТжКББ бөлімінің әдіскері, байланыс тел.: 87012208197;
- Байжигитова Алия Айтказиевна, Қоғамдық тамақтану және сервис колледжінің өндірістік оқыту аға шебері, байланыс тел.: 87779953010;
- Какимова Динара Болатбековна, Қоғамдық тамақтану және сервис колледжінің арнайы пән оқытушысы, байланыс тел.: 87002181303.

### **Қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау**

16. Гранд турнир жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады және республикалық Гранд турнирге қатысуға жолдама алады.

Қатысушыларға қатысу сертификаттары беріледі.

«Мен-кәсіпкермін» аймақтық онлайн  
Гранд-турнирге қатысуға  
Өтінім

|                                                                                 |  |
|---------------------------------------------------------------------------------|--|
| 1. Тегі, аты, әкесінің аты                                                      |  |
| 2. Туған жылы (күні, айы, жылы)                                                 |  |
| 3. Оқу мекемесінің мекенжайы,<br>е-mail, телефоны, электронды<br>поштасы(толық) |  |
| 4. Қатысушының байланыс<br>телефоны (ватцап), курсы,<br>мамандығы               |  |
| 5. Жетекшісінің тегі, аты, әкесінің<br>аты, лауазымы                            |  |
| 6. Бағыт атауы                                                                  |  |
| 7. Жобаның атауы                                                                |  |
| 8. YouTube бейне сілтемесі                                                      |  |
| 9.Қосымша мәліметтер                                                            |  |

Бизнес-модель канвасының құрылымы  
(business model canvas)

|                     |                           |              |                            |                      |
|---------------------|---------------------------|--------------|----------------------------|----------------------|
| Негізгі серіктестер | Қызметтің негізгі түрлері | Құнды ұсыныс | Клиенттермен қарым-қатынас | Тұтынушы сегменттері |
|                     | Негізгі ресурстар         |              | Өткізу арналары            |                      |
| Шығындар құрылымы   |                           |              | Кіріс ағындары             |                      |